

Қалшабаева Б.К.,
Бейсеғұлова А.К.

**Моңғолиядан келген
қазақтардың қолөнерлеріндегі
кейбір ерекшеліктері**

Мақалада қолөнеріміздің озық үлгілерін қаймағын бұзбай қазірге дейін жеткізіп, өнерін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп үйретіп отырған Моңғолиядан келген отандастарымыздың қолөнерлеріндегі ерекшеліктері туралы баяндалады. Малшаруашылығымен айналысатын отандастарымыздың мал жүнінен әртүрлі бұйымдар жасап, қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениетінің өмір тіршілігінде аса маңызды рөл атқарып отырғанын дәлелдеп отыр. Соның ішінде әйелдердің қолөнер түрлері: киіз басу, сырмақ сыру, түскиіз жасаудағы ерекшеліктерімен қатар шикізат түрлері, жүннен киіз ақ киіз, қара киіз жасау, бұл әрине өте күрделі әдістердің бірі, қойдың жабағы жүнін түтіп, сабап, шиге тартып, ыстық су сеуіп, шеттерін жинай отырып шиге орайтын сияқты киіздің жасалу технологиялары да қарастырылды. Сонымен қатар, жойылып бара жатқан өнердің бірі – кесте тігу өнері айтылып, олардың қолдану түрлері туралы баяндалады.

Түйін сөздер: қолөнер, кесте тігу, шаруашылық, өнер, киіз.

Kalshabaeva B.K.,
Beysegulova A.K.

**Some features of decorative and
applied art of the Kazakhs in
Mongolia**

The article discusses the features arts and crafts, preserved in Mongolian Kazakhs, and transmitted from generation to generation for a long period of time. A cattle breeding is the foundation of economic activity Mongolian Kazakhs, and women doing various things from wool. This, in particular: felt cover, carpets, rugs. The article also discusses the technology of products made of felt, for example, preparation of wool, its distribution on the mat, hot water treatment, compaction, etc., as well as examines the art of embroidery household items such as wall hangings (tus kiiz), mats (syrmaq), kinds of embroidery and especially its performance.

Key words: needlework, embroidery, agriculture, art, felt.

Қалшабаева Б.К.,
Бейсеғұлова А.К.

**Некоторые особенности
декоративно-прикладного
искусства казахов в Монголии**

В статье рассматриваются особенности декоративно-прикладного искусства, сохранившегося у казахов Монголии и передаваемого от поколения к поколению на протяжении длительного периода времени. Скотоводство составляет основу хозяйственной деятельности монгольских казахов. Так из шерсти домашних животных женщины делают различные войлочные изделия. Это, в частности: войлочные покрышки, ковры, коврики. Также в статье рассматриваются технологии создания изделий из войлока, к примеру, заготовка шерсти, ее распределение по циновке, обработка горячей водой, утрамбовка и т.д., а также искусство вышивания бытовых предметов, таких, как настенные ковры (түс киіз), коврики (сырмақ), виды вышивки и особенности ее исполнения.

Ключевые слова: рукоделие, вышивка, хозяйство, искусство, войлок.

МОҢҒОЛИЯДАН КЕЛГЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОЛӨНЕРЛЕРІНДЕГІ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ елі ең алғаш егемендігін алғаннан кейін алғаш Отанына атбасын тіреген қандастарымыздың бірі – Моңғолиядағы қазақ диаспорасы.

Моңғолиядан келген қазақтар тілі мен салт дәстүрін біршама таза сақтаған, рухы биік қандастарымыздың бірі және де моңғол халқының дәстүрлі шаруашылығы мен салт-дәстүрлеріндегі жақындық да өздері ұстанған кәсіпті әрі қарай алып кетуіне септігін тигізді. Елге келгеннен кейінде осы ата кәсіптерін әрі қарай дөңгелетіп жүрген отандастарымыз жетерлік. Моңғолия қазақтарының тұрмысы мен рухани өмірінде қаншама өзгерістер болып, тілі аздап шұбарланып, жан дүниесі жаңарғанымен, қаймағы бұзылмай, қазақ күйінде қалып отыр. Байырғы қазақ ахуалы мен дәстүрін, кәдуілгі қазақ тілі мен салт-санасының көптеген сырларын бүгінгі Моңғолиядан көшіп келген қазақтардың өмірінен кездестіруге болады.

Оның үстіне қазақ халқы сияқты моңғолдарда кең байтақ жерді мекендей отырып, төрт түлік малын алдына салып, дәстүрлі шаруашылығының бірі малшаруашылығымен айналысты.

Ғалым З. Қинаятұлы Моңғолия қазақтары атты еңбегінде: «XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Қобда бетіндегі қазақтардың ахуал-тіршілігінің тірегі басқа мекендердегі қазақтардыкіндегідей көшпенді малшаруашылығы болды. Г.Е. Грумм-Гржимайлоның белгілеуі бойынша, 1900 жылдары Абақ Керейдің бір түтіні орта есеппен 13 қой, 2,5 сиыр, 4,5 жылқы, бір түйелі болған. Ешкі малын көп ұстамаған» [1]. Моңғолия қазақтарының басты кәсібі малшаруашылығы болғандықтан мал өнімдерінен қолөнер бұйымдарын жасау және оны тұрмысқа қолдану өте жақсы деңгейде дамыды. Күнделікті тұрмысқа қажетті қолөнер бұйымдары көшіп қонуға ыңғайлы, пайдаланар орнына сәйкес сыртқы формасын тауып, әр шебердің талғамына, ой өрісіне тән ою-өрнекпен нақыштала беріліп отырды [2]. Мал жүнінен әртүрлі бұйымдар жасау қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетінің аса маңызды бөлігі болғандықтан, төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен рөл атқарып және оны ұқсатуды ел мыңдаған жылдар бұрын білгені тарихтан мәлім.

Моңғолия қазақтары көшпенді шаруашылық ыңғайына қарай үй-жай, шаруашылыққа қажетті заттар, ер-тұрман, темір

ұсталығы, ағаш шеберлігі, зергерлікпен, тері өңдеумен, ұсталықпен, жиһаздарға өрнектер жасау сияқты дәстүрлі қолөнермен шұғылдана, ал әйелдері қолөнердің үй жиһаздарын жасау, кесте, түскиіз тігу, кілем тоқу, сырмақ тігу, кигіз үй жабдықтарын ою-өрнектеп киіз басу, тігін өнері, ою-өрнек, ши тоқу, терме тоқу, кесте, құрақ құрау, ою иіру тағы басқа да түрлерімен меңгерген. Қол өнердің бұл түрлеріне анасы қызына, әкесі ұлына жасынан үйретіп, баулып отырған.

Қазақ халқының қолөнерімен айналысатын Жириенше Зағипа: Моңғолиядан келген қазақтар негізінен малшаруашылығы, қолөнермен, құс баптау және т.б. дәстүрлі шаруашылықты терең дамытып келеді дейді. Қолөнердің халықтың қажетіне пайдаланатын тамаша үлгілері өте көп. Солардың бірқатары текемет басу, сырмақ сыру, алаша жасау, түскиіз, аяққап, басқұр, сырмақ т.б. аталған заттар өткен ғасырда сәндік-қолданбалы өнердің үздік үлгісі ретінде үйге сән берумен қатар, тұрмыстық бұйымдарды сақтауға және тасымалдауға арналды. Әсіресе, моңғол жерінде қазақ әйелдерінің киіз жасау өнері жақсы дамыған. Киізден үй жабдықтарымен бірге, үйдің жасау-жиһаздары түскиіз, сырмақ, төсек сырмақтарды тұрмысқа қажетті заттарды кеңінен пайдаланған. Қазақтардың киізге деген мұқтаж-дығы өз маңызын еш уақытта жоймаған. Киіз сапасының мақты болып, көңілден шығуында киіз басуға алынған қой жүні мен тұқымы ерекше орын алады. Қазақ қойларының жүні көбінде қоңыр, қара, ақ болады. Моңғолия қойлары түгелдей дерлік ақ жүнді келеді. Негізінен, киіз басуға қойдың жүні мен қозы жүні қолданылады. Қазақтарда қойдың жүнін «жабағы», «күзем жүні», «қозы жүні», «өлі жүн» және шет пұшпақ» деп бес түрге бөліп атайды [4]. Ақпарат берушілердің айтуынша «тірі жүн» дегеніміз күзгі жүн, көктемде бір қырқып тастап, екінші қырқыққанды «күзеу жүн» дейді.

Киіз жасау үшін қойдың күзгі жүнін қырқып, бүкіл шаң-тозаңнан, қоқымнан тазалап, сабындап бірнеше рет таза суға жуады. Қойдың өзін қырықпас бұрын суға тоғытып алады. Түрлі кене, құрт жәндіктерден тазалап алғаннан кейін ғана қойдың жүнін қырқады (I).

Жүнді бірінші тулаққа салып, сабаумен сабап, ұйысқанын жазады. Осы жерде тулақ дегеніміз: «әдетте өгіздің, сиырдың керіп кептірген шикі терісін атайды. Жүн сабау алдында тулақты аздап сүт бүркіп, шөптесінге төсеп, жібітеді. Олай істемесе, кеуіп тұрған тулақ сабауға шыдамай, сынып кетуі мүмкін» [2]. Бірінші шидің үстіне жұқа етіп, жүнді сабап отырып, біркелкі

етіп, бірінші қабатын салып, оған ыстық су құйып талдырып алады. Оны жинап алып, шиге екінші қабатын үлпілдетіп салып, біркелкі етіп алып, қолменен тартып сабалған жүннің үстіне талдырылған киіз жүнді салады. Оған қайнап тұрған ыстық суды себелеп құйып, оны шимен қатты орап, жіппен байлап, бес алты адам ары бері 30-40 минуттай тартады. Ол киіз бола бастағанда шиден алып, білекпен басады. Қаншама адам жағалап отырып оң, терісінен ыстық суды құя отырып, алты рет білектейді. Әбден киіз болып, мықты болған соң кептіреді. Қолөнер бұйымдарына жан-жануарлардың бейнесін пайдалану ерте заманнан бастау алғандықтан бізде өз өнерлерімізде пайдаланып келеміз (I).

Қазақ қолөнерінің құндыларының бірі – «сырмақ». Киізді қабаттап сыру, тігу немесе төсеніш ретінде жерге сыр салу, сырғыта салу, сүйрете салу деп беріледі, сырмақ туралы [4]. Сырмақты жасау үшін ақ киізді немесе ақ киіз бен қара киіздің жүнін бір бөлек бояйды немесе екеуін біріктіріп, ойып, сырмақ жасайды. Сырмақ етіп қиып алады да, киіз болып тұрғанында бояуға салады. Оның да бояйтын әдістері, салатын қоспалары болады. Түрлі түске бояп алып, екеуін қабаттастырып, көктеп тігеді. Сосын үстіне оюды сызып алады да, өткір пышақпен оюды кесіп алады. Енді қайтіп салғанда, ою бір бірімен үйлесіп, арасына кіріп тұра қалады. Біреуі іші, біреуі сырты деген болады, соны келтіреді. Сосын соны жөрмеп тігеді. Жіңішке жүн жіппенен тігеді. Оның үстіне жиек дегенді иіріп, әртүрлі бояумен жасайды немесе аппақ қойдың жүнін әбден түтіп алады да, әдемілеп иіреді. Оны біртегіс етіп, үлкендер ғана иіре алады дейді ақпарат берушілер. Шимен ысып біркелкі етіп, қабаттастырып әртүрлі түске бояйды. Оюдың үйлескен жеріне соны басып, сырмақ жасайды. Оны «ойыстырған сырмақ» деп атайды. Ақ киіз бен қызыл матаны ойып алып басса, оны «жай сырмақ» деп атайды. Ол аса әдемі болып шықпайды, оның үстіне мата тез жыртылатындықтан сапасы нашар болады. Киізді астарлап, «қос жиек», «сыңар жиек» оюлар салған сырмақтар да болады. «Қос жиек» дегеніміз қырқып алынған оюларды ойыстырғанға басады. Ал матаменен баса салғанды «сыңар жиек» деп атайды. *Сырмақ* дайындау үшін салғастыру, үйлестіру, біріктіру, астарлау, сыру, жөрмеу, алақұрттау (жиектеу) сияқты әдістер де қолданады. Моңғолия қазақтарында сырмақ түрлері төсеніш ретінде әлі де маңызын да, мәнін де жойған жоқ. Сырмақ жасау технологиясы өте күрделі іс емес. Бірақ та жасалу мерзімі өте ұзаққа созылуы мүмкін. Мәселен, бір сырмақ жасау

үшін шеберлер бірнеше ай жұмсайды [2]. Тірі жүннен басылған киіз пысық, ширақ жақсы болады, – дейді Жириенше Зағипа (I). Оның айтуынша сырмақ, түскиіздің жасалу бойынша ең әуелі киізді жұқа етіп басып, кептіреді, бірінші басқаннан кейін оны екінші қайталап, білектен пісіреді. Киіз кепкен соң орта, жаны, екі бас деп пішеді. Кейде тұтас етіп, түрлі түсті бояуларға бояп, үстінен ою сызады, ойып алғаннан кейін оны жөрмеп, оюларды бір біріне қабыстырып тігеді. Қабыстырып тігудің атын «жөрмеу» деп атайды. Сырмақтың ішіне бір қабат мата салып, одан кейін киіз салады. Одан кейін ол сырмаққа бірінші жиек басады. Жиек деген ол қойдың жүнінен иіреді немесе алақанмен оңды, солақай деп еседі, сонда екеуін қосқанда таңдай түседі. Таңдайлап жөрмеу деген тігістің үстін жасырып жіппен басады, ал жіптің аты шуда жіп деп аталынып, ол түйенің желке жүнінен иіріледі. Оның атын «жүн жіп» немесе «шуда жіп» деп айтады. Жиекті басып болғаннан кейін мүйіздің ашық жерлерін тігу үшін тағы жіп иіреді. Ол жіпті ұстап отырады да, арлы берлі өткізіп, сырмақты сыриды. Оның атын «сыру» дейді. Сонан кейін шетін тегістеп, біркелкі етіп алады да, оның ең шет жағын тартып, ұстап, кішкене, созылып кетпес үшін шетіне жиек басады, оны «қосжиек» деп айтады. Қосжиекті жуандау етіп, бірінші ұршықпен, екінші қолымен иіріп, екі түрмен жасайды. Сырмақта көбінде зооморфты қошқар мүйізді ою көп салынады. Түйетабан, құстұмсық, шаршы ою, т.б. осылардың қайсысы ұнаса, соны сала береді [2]. Енді осы бұйымдарға бояу кезінде қазақтар шөп тамырынан алған.

Кереуеттің тұсына ілінетін қолөнер бұйымдарының бірі – «Түскиіз» этнограф С. Қасимановтың еңбегінде киізден жасалатын заттардың жүзден аса түрлері беріледі, солардың ішінде түскиіздің халық арасына ең көп тараған негізгі үш түрін атайды. Оның біріншісі – тұтас матаны әр түсті жіппен шымқай кестелеу, екіншісі – әртүрлі маталарды оюластырып кестелеу, үшіншісі – маталарды бөлек кестелеп, киіз бетіне оюлап жапсыру. Сонда мұндай түскиіздің бір жері мата, бір жері киіз болып көрініп тұрады [4]. Түскиіз кереуеттің тұсына ілінеді. Түскиіздің ою-өрнектерін алдымен сызып алып, кергішке мата салып керіп, кестелейді. Матаның бетіне ою-өрнекті сүтпен, тұзбен сызады. Ол үшін азырақ тұзды сүтке езіп алады да, содан кейін жіп жіңішке етіп сызады. Ол әдемі жұғады және кетпейді. Түскиізді үш ай көлемінде бітіреді десе, көбіне түскиізді қара матадан тігіп, бетін ашық

қызыл түсті матамен көмкереді. Көмкеру деп машинаның тігісімен шыраштап тігіп, өрнектеп көмкереді. Түрлі түсті қосылған қоспасына таспа басады. Іле салатын түйме, бау қадайды. Сосын төсектің тұсына түймемен не баумен түймелеп, іле салады.

Қазіргі кезеңде ою өрнектің 250 түрі зерттелді. Ал түскиізге көбіне шаршы оюлар, дөңгелек оюлар кресті кестемен құс салынады (II).

Ежелден халық арасына кең тараған сәндік қолөнерінің бірі – кесте. Мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әртүрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Кесте инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі.

Кесте өнері туралы Моңғолиядан келген Дарига апаның айтуына қарағанда алпыс түрі болады. Моңғолиядан келген қазақтар тігетін біз кестелеу. Сонымен қатар, инемен кестелеу де көп қолданыста. Матаға ою өрнекті сызып алады да, кергішке қатты қылып керіп қояды. Біз кестені ілмекпен әртүрлі жіптің өңін сәйкестендіріп тігеді. Онда көбіне крестик кестесін тігеді. Моншақпен кестелеу де кең таралған. Инемен кестелегенде көбінесе гүлдердің түсіне қарай түрлі-түсті жіптермен сәйкестендіріп тігеді. Ол кестені кез келген бұйымға пайдалануға болады. Жастық тыстарына, төсектің жиегіне, алашаға тігуге болады. Сонымен қатар, түскиіз, түскілем, киім-кешектер, әсіресе шекпен, қамзол, кимешек, такия, аяқ киімдерде: кебіс, мәсі, биік өкшелі етіктер, т.б. қол орамалдар кестеленеді.

Қазір біз кесте, қол кестемен тігуді, инемен крестик кестені көп пайдаланады, оны орыс халқы көп тігеді. Сонымен бірге шприцтің инесін тесіп, соған жіп өткізіп, соныменен де тігеді. Крестик кестесі деген дамыған. Сондай-ақ, биссермен кестелеу өте әдемі. Шприц инесімен кестелегенде көбінесе гүлдер салынады. Матаға сызып алып, гүлде түсі қалай тұрады соны түрлі түсті жіптермен сәйкестендіріп тігіледі. Ол кестені кез келген бұйымға пайдалануға болады. Жастық тыстарына, төсектің жиегіне, алашаға тігуге болады дейді (II).

Кестенің көне түрлеріне келетін болсақ: біз кесте, айқас тігу, айқыш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Моңғолиядың қазақтардың «түскиіз», «алаша», «жастыққап», «төсек аяқ» кестелері мәлім.

Қорыта келгенде, атажұрттан тыс жерлерде жүрсе де қандастарымыздың төл өнерлерін ұмытпай, оны жалғастырып, дамытып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырғаны қуантарлық жәйт.

Әдебиеттер

- 1 Қиятұлы З. Моңғолия қазақтары. – Астана, 2001. – 129 б.
- 2 Райымхан К.Н. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 136 б.
- 3 Қалшабаева Б.К. Қазақ диаспорасының мәдени мұралары – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 161 б.
- 4 Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 142 б.

References

- 1 Kynayatuli Z. Mongoliya kazkatary. Astana, 2001. – 129 b.
- 2 Rayimkhan K.N. Kazak khalkynyn sandik-koldanbaly oneri. – Almaty: Kazak universiteti, 2010. – 136 b.
- 3 Kalshabaeva B.K. Kazak diasporasynyn madeni muralary – Almaty: Kazak universiteti, 2015. – 136 b.
- 4 Khasimanov S. Kazak khalkynyn koloneri. – Almaty: Kazakhstan. 1995. – 142 b.